**ҚР Энергетика министрлігінің**
**Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі**
**қоғамдық кеңес отырысының**
**ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы 2024 жылғы 24 қазан
сағ.15:00

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы

Төрағалық еткен: Қоғамдық кеңестің төрағасы Б.К. Әуетаев

Қатысқандар: энергетика вице-министрі Е.Қ. Ақкенженов, Қоғамдық кеңестің мүшелері *(тізім бойынша)*, Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері *(тізім бойынша)*.

**1. Мұнай және мұнай өнімдерінің болжамды теңгерімін қалыптастыру мәселелері туралы: ішкі тұтыну; экспорттық ресурстар; өзара алмасу. Мұнай тасымалдау және транзит мәселелері туралы**

*(Е. Ақкенженов)*

1.1. Энергетика вице-министрі Е.Қ. Ақкенженовтің Мұнай және мұнай өнімдерінің болжамды теңгерімін қалыптастыру мәселелері туралы: ішкі тұтыну; экспорттық ресурстар; өзара алмасу және мұнай тасымалдау және транзит мәселелері туралы ақпараты назарға алынсын.

**1.2. Мұнай тасымалдау және өңдеу департаменті:**

- Қоғамдық кеңес мүшелеріне энергетикалық ресурстарды – жаңартылатын энергия көздерінің (ЖЭК) дамуын ескере отырып, жоспарлау көкжиегі кемінде 10 жыл болатын ұзақ мерзімді негізде мұнайдың болжамды балансының бекітілген ақпаратын ұсынсын.
- болжамды көрсеткіштерді айқындау бөлігінде саланың даму перспективасын айқындау жөніндегі ақпаратты ұсынсын.

**1.3. Мұнай игеру және өндіру департаменті:**

- Қоғамдық кеңес мүшелеріне энергетикалық ресурстарды – жаңартылатын энергия көздерінің (ЖЭК) дамуын ескере отырып, жоспарлау көкжиегі кемінде 10 жыл болатын ұзақ мерзімді негізде мұнай өнімдерінің болжамды балансының бекітілген ақпаратын ұсынсын.

**2. Барлық жер қойнауын пайдаланушыларға қолданылатын Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай жеткізуді бөлу әдіснамасын әзірлеу туралы**

*(Д. Арықбаев)*

2.1. Мұнай тасымалдау және өңдеу департаментінің директоры Д.М. Арықбаевтың барлық жер қойнауын пайдаланушыларға қолданылатын Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай жеткізуді бөлу әдіснамасын әзірлеу туралы ақпараты назарға алынсын.

**3. ЕАЭО мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарығын қалыптастыру бағдарламасы шеңберінде мұнай және өнімдері саласында ұлттық заңнаманы үйлестіру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы**

*(Д. Арықбаев)*

3.1. Мұнай тасымалдау және өңдеу департаментінің директоры Д.М. Арықбаевтың ЕАЭО мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарығын қалыптастыру бағдарламасы шеңберінде мұнай және өнімдері саласында ұлттық заңнаманы үйлестіру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы ақпараты назарға алынсын.

**4. Білім және ғылым саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп, колледждерде, жоғары оқу орындарында, оқыту орталықтарында кәсіби оқыту бағдарламалары сапасының, сұранысы жоғары мамандықтарды кеңейту мәселесін одан әрі пысықтау туралы. Ірі жобалардың операторларымен отандық мамандардың кадрлық әлеуетін қалыптастыру туралы мәселесін пысықтау**

*(Б. Ермаханов)*

4.1. Мұнай игеру және өндіру департаментінің директоры Б.А. Ермахановтың білім және ғылым саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп, колледждерде, жоғары оқу орындарында, оқыту орталықтарында кәсіби оқыту бағдарламалары сапасының, сұранысы жоғары мамандықтарды кеңейту мәселесін одан әрі пысықтау туралы және ірі жобалардың операторларымен отандық мамандардың кадрлық әлеуетін қалыптастыру туралы мәселесін пысықтау туралы ақпараты назарға алынсын.

**Қоғамдық кеңестің төрағасы** — **Б. Әуетаев**

**Қоғамдық кеңестің хатшысы** — **Ф. Төлеген**